

Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округінің Құркөл ауылының 40 лет Победы, Муканова, Донентаева көшелерінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 29 маусымдағы № 1-03/6 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 шілдеде № 23357 болып тіркелді. Павлодар облысы Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 17 қарашадағы № 1-03/10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округі әкімінің 17.11.2021 № 1-03/10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2- тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңы 10-1-бабының 7) тармақшасына, Ақсу қаласы бас мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторының 2021 жылғы 12 мамырдың № 2-19/228 сәйкес, Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округінің Құркөл ауылының: 40 лет Победы, Муканова, Донентаева көшелерінде ірі қара малдың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округінің әкімі

Б. Сукер